



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 1155-1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2321 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының «электрондық үкіметті» дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 1155-1 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының «электрондық үкіметті» дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасында:

«Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары және тетіктері» деген 5-бөлімде:

«Ресурстарды басқарудың мемлекеттік автоматтандырылған жүйесін құру» деген 5.1-кіші бөлімде:

«Е-Қаржының кіші жүйесі» деген тараудың үшінші абзацы алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасына қосымшада:

«G4G ресурстарды басқарудың мемлекеттік функцияларының (қызметтерінің) базалық санаттары» деген 4-кестеде: реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын.

«Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 8 - бөлімде:

«Ресурстарды басқарудың мемлекеттік жүйесін құру» деген 1-кіші бөлімде: реттік нөмірі 7-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

